1	әр 20 минут сайын	Үздіксіз режимде	№1 шағын ауданы	Аммиак, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, көміртек оксиді, озон (жербеті)



1.3-сурет. Степногорск қаласының атмосфералық ауаның ластануына бақылау жүргізетін стационарлық желісінің орналасу схемасы

**Атмосфера ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (1.3 сур.), қалада атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төмен деңгейде** болып бағаланды, ол СИ мәні 0,8 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) мәндерімен анықталды (1, 2 сур.).

Ластаушы заттардың орташа айлық шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Ластаушы заттардың максималды-бір реттік шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауадағы жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталмады.


## 1.4 Атбасар қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атбасар қаласында атмосфералық ауа жай-күйіне мониторинг жүргізу үшін 1 стационарлық бекет жұмыс істейді (1.4 сурет, 1.4 кесте).

1.4 кесте

### Анықталатын қоспалар және бақылау бекетінің орналасуы

Бекет нөмері	Іріктеу уақыты	Бақылау жүргізу	Бекеттердің мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
4	әр 20 минут сайын	Үздіксіз режимде	№1 шағын ауданы 3 құрылыс	PM-2,5 қалқыма бөлшектер, PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді және азот оксиді, озон (жербетті), күкіртті сутек, аммиак, көміртек диоксиді



1.4 сурет. Атбасар қаласының атмосфералық ауаның ластануына бақылау жүргізетін стационарлық желісінің орналасу схемасы

**Атмосфера ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (1.4 сур.), қалада атмосфералық ауаның ластану деңгейі **көтеріңкі** деңгейімен бағаланды, ол СИ мәні 4,3 (көтеріңкі деңгей) PM-10 қалқыма бөлшектері бойынша және ЕЖҚ=5% (көтеріңкі деңгей) PM-2,5 қалқыма бөлшектері бойынша анықталды (сурет 1, 2).

PM-2,5 қалқыма бөлшектерінің орташа айлық шоғыры 1,3 ШЖШ<sub>от.</sub> құрады, басқа ластаушы заттар шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

PM-2,5 қалқыма бөлшектерінің максималды бір-реттік шоғырлары 3,4 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, PM-10 қалқыма бөлшектері – 4,3 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауадағы жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталмады.


### 1.5 Щучинск-Бурабай курортты аймағындағы (ЩБКА) атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

ЩБКА аумағында атмосфералық ауа жай-күйін бақылау 4 стационарлық бекетте өткізілді( 1.5 сурет, 1.5 кесте).

1.5 кесте

#### Анықталатын қоспалар және бақылау бекетінің орналасуы

Бекет нөмері	Іріктеу уақыты	Бақылау жүргізу	Бекеттердің мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минутсайын	Автоматты түрде	Кешенді фондық мониторинг станциясы (КФМС) «Боровое»	PM-2,5 қалқыма бөлшектер, PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот оксиді және диоксиді, озон (приземный), күкіртсутегі, аммиак, көміртегі диоксиді
2			Бурабай ауылы, Кенесары, 25 көшесі, (С.Сейфуллин мектебі аумағы)	PM-2,5 қалқыма бөлшектер, PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, диоксиді және азот оксиді, озон (жербетті), күкірт сутегі, аммиак, көміртек диоксиді
3			Щучинский санаторий кенті, санаторий «Щучинск» ЖШС аумағында	PM-2,5 қалқыма бөлшектер, PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, диоксиді және азот оксиді, озон (жербетті), күкірті сутек, аммиак
5			Шоссейная көшесі, №171	



1.5 сурет. ЩБКА аумағындағы атмосфералық ауаның ластануына бақылау жүргізетін стационарлық желісінің орналасу схемасы

### ***КФМС Бурабай атмосфера ластануын жалпы бағалау.***

Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (1.5 сур.), қалада атмосфера ауасының ластануы **төмен** деңгейімен бағаланды, ол СИ мәні 0,3 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) мәндерімен анықталды (сурет 1, 2).

Ластаушы заттардың орташа айлық шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Ластаушы заттардың максималды бір-реттік шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауадағы жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталмады.

### ***Щучинск-Бурабай курортты аймағының (ЩБКА) атмосфера ластануын жалпы бағалау.***

Стационарлық бақылау желісінің мәліметтері бойынша (1.5 сур.) атмосфера ауаның ластануы **төмен** деңгейімен бағаланды, ол СИ мәні 0,9 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) мәндерімен анықталды (сурет 1, 2).

Ластаушы заттардың орташа айлық шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Ластаушы заттардың максималды бір-реттік шоғырлары: ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауадағы жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталмады.

## **1.6 Ақмола облысы аумағындағы жер үсті су сапасы**

Ақмола облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасын бақылау 22 су объектісінде: Есіл, Ақбұлақ, Сарыбұлақ, Нұра, Жабай, Сілеті, Ақсу, Қылшықты, Шағалалы, Беттібұлақ өзендері және Қопа, Зеренді, Бурабай, Үлкен Шабақты, Кіші Шабақты, Щучье, Карасье, Сұлукөл, Жүкей, Сұлтанкелді көлдері, Вячеславское су қоймасы, Нұра-Есіл арнасы.

### **Есіл өзені:**

– Тургеневка а., 1,5 км солт.-тен қарай оңтүстікке, Тургеневка ауылынан , 1,5 км төмен су бекеті тұстамасында: Бірыңғай жіктеу бойынша сапа 4 класқа жатады: ОХТ – 35,0 мг/дм<sup>3</sup>. ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

– Астана қ., Астана қаласынан 3 км жоғары, «Астана су Арнасы» сарқынды суды бұрудан 2 км жоғары: су сапасы 4 класқа жатады: ОХТ – 34,6 мг/дм<sup>3</sup>, магний – 50 мг/дм<sup>3</sup>. ОХТ мен магний нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

– Астана қ., темір құю цехынан 0,5 км төмен: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 38,9 мг/дм<sup>3</sup>, ОХТ – 34,9 мг/дм<sup>3</sup>. Магний мен ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

– Астана қ., қалалық саябақтағы жүргіншілер көпірінен 0,1 км төмен: су сапасы 5 класқа жатады: фторидтер – 1,66 мг/дм<sup>3</sup>. Фторидтердің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

– Астана қаласынан 8 км төмен, Көктал кенті: Бірыңғай жіктеу бойынша сапа 5 класқа жатады: фторидтер – 1,69 мг/дм<sup>3</sup>. Фторидтердің нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

- Есіл қ. (Каменный карьер а.), Щербазуыттың солтүстік-батыс шеті тұстамасында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ– 42,9 мг/дм<sup>3</sup>. ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан асады.

**Есіл өзенінің ұзындығы бойынша** судың температурасы 8,2-14,4 °С, сутек көрсеткіші 8,1-8,65 суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 8,86-10,0 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> орта есеппен – 0,49-3,74 мг/дм<sup>3</sup>, түсі– 20–25; иіс– 0 балл.

Өзен ұзындығы бойынша су сапасы су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ – 36,1мг/дм<sup>3</sup>.

–**Вячеславское су қоймасында** – судың температурасы 14,6°С, сутек көрсеткіші 8,7, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 9,41 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub>– 1,69 мг/дм<sup>3</sup>, түсі– 20; иіс– 0 балл.

- Арнасай а., Арнасай ауылынан 2 км. СШ, су бекеті тұстамасында су сапасы 4 класқа жатады: ОХТ – 34,3 мг/дм<sup>3</sup>. ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

### **Нұра өзені:**

– Романовка а., ауылдан 5 км төмен, су бекеті тұстамасында су сапасы 4 класқа жатады: магний – 50 мг/дм<sup>3</sup>, ОХТ – 33,2 мг/дм<sup>3</sup>. Магний және ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

– Шлюздар, су бекеті тұстамасында су сапасы 4 класқа жатады: магний – 50 мг/дм<sup>3</sup>, ОХТ – 33,3 мг/дм<sup>3</sup>. Магний және ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

– Қорғалжын а., ауыл көпірі жанында су сапасы 4 класқа жатады: магний – 40,1 мг/дм<sup>3</sup>, ОХТ – 31 мг/дм<sup>3</sup>. Магний және ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

**Нұра өзенінің ұзындығы бойынша** судың температурасы 14-14,2°С, сутек көрсеткіші 8,4, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 8,06-9,59мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> орта есеппен – 1,07-1,86 мг/дм<sup>3</sup>, түсі – 25; иіс– 0 балл.

Нұра өзенінің ұзындығы бойынша судың сапасы 4 класқа жатады: магний – 47,0 мг/дм<sup>3</sup>, ОХТ – 32,5 мг/дм<sup>3</sup>.

#### **Нұра-Есіл арнасы:**

– Ақмола обл., арна басы, су бекеті тұстамасында: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 30,4 мг/дм<sup>3</sup>, ОХТ – 35. Магний және ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

– Пригородное а., автокөлік көпірі жанындағы тұстамада су сапасы 4 класқа жатады: ОХТ – 32 мг/дм<sup>3</sup>, магний – 40,1 мг/дм<sup>3</sup>. Магний және ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

**Нұра-Есіл арнасының** ұзындығы бойынша судың температурасы 14-14,2°C, сутек көрсеткіші 8,6 суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 9,05-10,1 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> орта есеппен – 2,68-2,92 мг/дм<sup>3</sup>, түсі–25; иіс– 0 балл.

**Нұра-Есіл арнасының** ұзындығы бойынша судың сапасы 4 класқа жатады: магний – 35,3 мг/дм<sup>3</sup>, ОХТ – 33,5 мг/дм<sup>3</sup>.

#### **Ақбұлақ өзені:**

– Астана қ., 1 темір жол көпірі астында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций - 464 мг/дм<sup>3</sup>, магний – 114 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 1039 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация – 2687 мг/дм<sup>3</sup>. Кальций, магний, минерализацияның және хлоридтердің нақты концентрациялары фондық кластан асады.

– Астана қ., су сүзу станциясынан кейін: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций – 234 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 500 мг/дм<sup>3</sup>. Кальций және хлоридтердің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

– Астана қ., нөсер канализациясы тұндырғыш шығарылымына дейін: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций – 218 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 500 мг/дм<sup>3</sup>. Кальций және хлоридтердің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

**Ақбұлақ өзенінің** ұзындығы бойынша судың температурасы 11,2-11,4, сутек көрсеткіші 7,3-8,1, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 6,72-10,7 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> орта есеппен 1,06-4,0 мг/дм<sup>3</sup>, түсі–25; иіс– 0-1 балл.

**Ақбұлақ өзенінің** ұзындығы бойынша судың сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций – 305,3 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 680 мг/дм<sup>3</sup>.

#### **Сарыбұлақ өзені:**

– Астана қ., т/ж көпірі астында су сапасы 4 класқа жатады: магний – 46,2 мг/дм<sup>3</sup>, ОХТ – 34,9 мг/дм<sup>3</sup>, жалпы фосфор – 0,516 мг/дм<sup>3</sup>. Магний және ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан аспайды, жалпы фосфордың концентрациясы фондық кластан асады.

– Астана қ., Қарасай-Батыр көшесімен, көпірден төмен: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): хлоридтер – 379 мг/дм<sup>3</sup>. Хлоридтер нақты концентрациясы фондық кластан асады.

– Астана қ., 7-ші насос станциясынан кейін: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ион – 3,91 мг/дм<sup>3</sup>, магний – 119 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация – 2576 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 865 мг/дм<sup>3</sup>. Аммоний-ион, магний, хлоридтер және минерализация нақты концентрациясы фондық кластан асады.

– Астана қ., Тілендиев к. көпір астында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 119 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация – 2587 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 879 мг/дм<sup>3</sup>

Минерализация, хлоридтер және магний нақты концентрациясы фондық кластан асады.

– Астана қ., Есіл өз. Құяр жерінен 0,2 км жоғары: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ион – 5,22 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 581 мг/дм<sup>3</sup>. Хлоридтер және аммоний ионның нақты концентрациясы фондық кластан асады.

**Сарыбұлақ өзенінің** ұзындығы бойынша судың температурасы 11-11,4°C, сутек көрсеткіші 7,5-7,8, суда ерітілген оттегінің концентрациясы– 3,46-7,73 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> орта есеппен 2,12-2,72 мг/дм<sup>3</sup>, түсі – 25; иіс – 0-1 балл.

**Сарыбұлақ өзенінің** ұзындығы бойынша судың сапа нормаланбайды (>5 класс): аммоний-ион – 3,48 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 596 мг/дм<sup>3</sup>.

**Сұлтанкелді көлі:**

- Кордан Қаражар тұстамасы су сапасы 4 класқа жатады: ОХТ -35 мг/дм<sup>3</sup>. ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Көл суының температурасы 14,2°C, сутек көрсеткіші 8,5, суда ерітілген оттегінің концентрациясы– 9,13 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub>-2,21 мг/дм<sup>3</sup>, түсі – 25 градус, иіс – 0 балл.

**Жабай өзені:**

- Атбасар қ. тұстамасында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ – 39,0 мг/дм<sup>3</sup>. ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Балкашино а. тұстамасында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ– 40,0 мг/дм<sup>3</sup>. ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан асады.

**Жабай** өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 7,8-9,8°C, сутегі көрсеткіші – 8,13-8,24, суда ерітілген оттегінің концентрациясы –10,06-12,8 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,66-1,14 мг/дм<sup>3</sup>, түсі – 15 градус, иісі – 0 балл.

**Жабай** өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ – 40,0 мг/дм<sup>3</sup>. ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан асады.

**Сілеті өзені:**

Сілеті өзенінде су температурасы 12,4°C, сутегі көрсеткіші – 8,40 суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 11,3 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,79 мг/дм<sup>3</sup>, түсі – 15 градус, иісі – 0 балл.

- Степногорск қ. тұстамасында: су сапасы 4 класқа жатады: ОХТ – 30,3 мг/дм<sup>3</sup>.

**Ақсу өзені:**

Ақсу өзенінде су температурасы 13,0°C, сутегі көрсеткіші – 8,47 суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 13,1 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 2,48 мг/дм<sup>3</sup>, түсі – 25 градус, иісі – 0 балл.

- Степногорск қ. тұстамасында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 122 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация - 2625 мг/дм<sup>3</sup>, ОХТ – 58,6 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 794 мг/дм<sup>3</sup>, марганец – 0,134 мг/дм<sup>3</sup>.

**Беттібұлақ өзені:**

Беттібұлақ өзенінде су температурасы 5,0°C, сутегі көрсеткіші – 7,41 суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 9,98 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,54 мг/дм<sup>3</sup>, түсі – 20 градус, иісі – 0 балл.

- Золотой Бор кордоны тұстамасында: су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 11,0 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

#### **Қылшықты өзені:**

- Көкшетау қ., Кірпіш зауыты ауданы тұстамасында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): марганец – 0,218 мг/дм<sup>3</sup>, ОХТ – 93,7 мг/дм<sup>3</sup>.

- Көкшетау қ., “Аққу” балабақшасы ауданы тұстамасында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): марганец – 0,116 мг/дм<sup>3</sup>, ОХТ – 86,7 мг/дм<sup>3</sup>.

**Қылшықты өзенінің ұзындығы бойынша** су температурасы 6,8°C, сутегі көрсеткіші – 7,97-8,34, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 7,5-10,5 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 1,48-1,91 мг/дм<sup>3</sup>.

Қылшықты өзен ұзындығы бойынша су сапасы нормаланбайды (>5 класс): марганец – 0,167 мг/дм<sup>3</sup>, ОХТ – 90,2 мг/дм<sup>3</sup>.

#### **Шағалалы өзені:**

- Көкшетау қ., Заречный а. тұстамасында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): марганец – 0,249 мг/дм<sup>3</sup>.

- тұстама Көкшетау қ., Красный Яр а.: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ХПК – 39,0 мг/дм<sup>3</sup>.

**Шағалалы өзені бойынша** су температурасы 6,4-7,2°C, сутегі көрсеткіші – 8,25-8,61, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 10,3-10,6 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,85-1,55 мг/дм<sup>3</sup>.

Шағалалы өзен ұзындығы бойынша су сапасы нормаланбайды (>5 класс): марганец – 0,161 мг/дм<sup>3</sup>.

#### **Зеренді көлі:**

**Зеренді көлі** су температурасы 10,6°C, сутегі көрсеткіші – 8,89, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 9,40 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,66 мг/дм<sup>3</sup>, түсі – 10 градус, иісі – 0 балл.

- Зеренді а., су бекетінің тұстамасында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ – 61,5 мг/дм<sup>3</sup>, фторидтер – 2,84 мг/дм<sup>3</sup>. ОХТ, фторидтер нақты концентрациясы фондық кластан асады.

#### **Қопа көлі:**

**Қопа көлі** су температурасы 9,0°C, сутегі көрсеткіші – 8,40, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 7,33 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 3,95 мг/дм<sup>3</sup>, түсі – 20 градус, иісі – 0 балл.

- Көкшетау қ., су бекетінің тұстамасында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ – 49,8 мг/дм<sup>3</sup>. ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан асады.

#### **Бурабай көлі:**

**Бурабай көлі** су температурасы 9,2°C, сутегі көрсеткіші – 8,09, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 10,25 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 1,52 мг/дм<sup>3</sup>, түсі – 15 градус, иісі – 0 балл.

- Бурабай а., су бекетінің тұстамасында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ – 41,0 мг/дм<sup>3</sup>, фторидтер – 2,68 мг/дм<sup>3</sup>. ОХТ, фторидтер нақты концентрациясы фондық кластан асады.

#### **Үлкен Шабакты көлі:**



**Үлкен Шабакты көлі** су температурасы 9,6°C, сутегі көрсеткіші – 8,73, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 9,41 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,54 мг/дм<sup>3</sup>, түсі – 10 градус, иісі – 0 балл.

- МС Бурабай, су бекетінің тұстамасында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ – 54,7 мг/дм<sup>3</sup>, фторидтер – 11,79 мг/дм<sup>3</sup>. Фторидтердің, ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан асады.

#### **Щучье көлі:**

**Щучье көлі** су температурасы 12,4°C, сутегі көрсеткіші 8,20, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 8,93 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,49 мг/дм<sup>3</sup>, түсі – 10 градус, иісі – 0 балл.

- Щучье қ., су бекетінің тұстамасында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): фторидтер – 6,40 мг/дм<sup>3</sup>. Фторидтердің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

#### **Кіші Шабакты көлі:**

**Кіші Шабакты көлі** су температурасы 9,6°C, сутегі көрсеткіші – 8,83, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 9,23 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,82 мг/дм<sup>3</sup>, түсі – 10 градус, иісі – 0 балл.

- Ақылбай а.: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 338 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация – 4917 мг/дм<sup>3</sup>, ОХТ – 84,9 мг/дм<sup>3</sup>, фторидтер – 11,34 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 1767 мг/дм<sup>3</sup>. Магний, минерализация, хлоридтер нақты концентрациясы фондық кластан аспайды, ОХТ, фторидтердің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

#### **Сұлукөл көлі:**

**Сұлукөл көлі** су температурасы 14,4°C, сутегі көрсеткіші – 7,09, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 7,96 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 1,20 мг/дм<sup>3</sup>, түсі – 75 градус, иісі – 0 балл.

- резиденция «Сұлукөл», пирстен: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ – 59,5 мг/дм<sup>3</sup>, фторидтер – 2,92 мг/дм<sup>3</sup>. ОХТ, фторидтер нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

#### **Карасье көлі:**

**Карасье көлі** су температурасы 10,0°C, сутегі көрсеткіші 7,63, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 8,99 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 1,41 мг/дм<sup>3</sup>, түсі – 20 градус, иісі – 0 балл.

- резиденция «Карасу», пирстен: су сапасы 5 класқа жатады: фторидтер – 1,98 мг/дм<sup>3</sup>. Фторидтердің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

#### **Жүкей көлі:**

**Жүкей көлі** су температурасы 10,8°C, сутегі көрсеткіші 8,81, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 6,51 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,90 мг/дм<sup>3</sup>, түсі – 15 градус, иісі – 0 балл.

- Жукей а. тұстамасында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 329 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация – 5219 мг/дм<sup>3</sup>, ОХТ – 81,0 мг/дм<sup>3</sup>, фторидтер – 2,87 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 1191 мг/дм<sup>3</sup>.

2019 жылғы қазанда Ақмола облысы аумағындағы су объектілері су сапасы Бірыңғай жіктеме бойынша келесі түрде бағаланады: 4 класс – Нұра, Сілеті,

Беттібұлақ өзендері, Нұра-Есіл арнасы, Сұлтанкелді көлі, Вячеславское су қоймасы; 5 класс – Карасье көлі; су сапасы нормаланбайды (>5 класс) – Ақбұлақ, Сарыбұлақ, Есіл, Жабай, Ақсу, Қылшықты, Шағалалы өзендері, Зеренді, Қопа, Бурабай, Үлкен Шабакты, Щучье, Кіші Шабакты, Сұлукөл, Жүкей көлдері (4-кесте).

### **1.7 Ақмола облысының радиациялық гамма-фоны**

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 15 метеорологиялық станцияларда (Астана, Аршалы, Ақкөл, Атбасар, Балкашино, «Боровое» КФМС, Егіндікөл, Ерейментау, Көкшетау, Қорғалжын, Степногор, Жалтыр, Бурабай, Щучье, Шортанды) бақылау жүргізілді (1.6 -сур.).

Облыстағы елді-мекендер бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташамәні 0,03 – 0,44 мкЗв/сағ. облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,13 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

### **1.8 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы**

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Ақмола облысында 5 метеорологиялық станцияда (Атбасар, Көкшетау, Степногор, Астана, «Боровое» КФМС) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (1.6-сур.).

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 1,1 – 2,1 Бк/м<sup>2</sup> аралағында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,6 Бк/м<sup>2</sup>, бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



1.6 сурет. Ақмола облысы аумағындағы радиоактивті қалдықтардың түсуі және радиациялық гамма-сәулелену деңгейін бақылау үшін арналған метеорологиялық станциялардың орналасу схемасы.

## 2 Ақтөбе облысының қоршаған орта жай-күйі

### 2.1 Ақтөбе қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 6 стационарлық бекетте жүргізіледі (2.1-сурет, 2.1-кесте).

2.1-кесте

**Бақылау бекеттерінің орналасқан жері және анықталатын қоспаның аталуы**

Бекет номері	Алу мерзімдері	Бақылау жүргізу	Бекеттер мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 4 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Авиақалашық, 14	қалқыма бөлшектер (шан), күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді
4	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Белинский көшесі, 5	қалқыма бөлшектер (шан), күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді, күкіртті сутек, формальдегид, хром

5			Ломоносов көшесі, 7	қалқыма бөлшектер (шан), көміртек оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, ерігіш сульфаттар, формальдегид, хром
2	әрбір 20 минут сайын	үздіксіз режимде	Рысқұлов көшесі, 4 Г	қалқыма бөлшектері РМ-10, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутек, радиациялық гамма фон қуаттылығы
3			Есет-батыр көшесі, 109А	күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді, азот оксиді озон (жербеті), күкіртті сутек, радиациялық гамма фон қуаттылығы
6			Жанқожа-батыр көшесі, 89	қалқыма бөлшектері РМ-2,5, қалқыма бөлшектері РМ-10, азот оксиді, азот диоксиді, аммиак, озон (жербеті)



2.1-сурет. Ақтөбе қаласындағы атмосфералық ауаның ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу схемасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (сурет 2.1) қаладағы атмосфералық ауаның жалпы ластану деңгейі *жоғары деңгейде* болып бағаланды, ол  $СИ=9,2$  тең (жоғары деңгей) және  $ЕЖҚ= 2\%$  (көтеріңкі деңгей) күкіртті сутегі бойынша №2 бекет аумағында (Рысқұлов көшесі, 4Г) мәндерімен анықталды (1,2 сур.).

*\*БҚ -ға сәйкес ЕЖҚ және СИ әр түрлі градацияға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.*

Озонның (жербеті) орташа айлық шоғыры – 1,1 ШЖШ<sub>о.т.</sub> құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Күкіртті сутегінің максималды бір-реттік шоғырлары– 9,2 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері– 1,5 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, РМ-10 қалқыма бөлшектері– 2,6 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, көміртек оксиді - 1,5 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, озон (жербеті) – 1,0 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (кесте-1).

Ластаушы заттардың орташа айлық және максималды бір-реттік шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

## 2.2 Ақтөбе облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Ақтөбе облысы аумағындағы жер үсті суларының ластануына бақылау 12 су объектісінде Ақтасты, Елек, Қара Қобда, Үлкен Қобда, Темір, Ойыл, Ор, Ембі, Ырғыз, Қарғалы, Қосестек өзендерінде және Шалқар көлінде жүргізілді.

Бірыңғай жіктеме бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

### **Елек өзені:**

-Елек өзені, Ақтөбе облысы, Алға қаласынан 0,3 км жоғары, Ақтөбе химиялық зауытының шлам тоғандарынан 1 км жоғары: су сапасы 4-класқа жатады: магний – 65,7 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

-Елек өзені, Ақтөбе облысы, Алға қаласынан 15 км төмен, жер асты суларының шығуынан 0,5 км төмен: су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар – 20,13 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

-Елек өзені, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласынан 0,5 км жоғары, Новороссийск көпірінен 8 км жоғары, Қарғалы өз. құйылысынан 11,2 км жоғары: су сапасы 4 - класқа жатады: магний – 37,8 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

-Елек өзені, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласынан 4,5 км төмен, Жінішке өзеніне төмен құятын, жер асты суларының шығуынан 0,5 км жоғары: су сапасы 4 - класқа жатады: магний – 68,6 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

-Елек өзені, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласынан 20 км төмен, Георгиевка ауылынан 2,0 км төмен, жер асты суларының шығуынан 0,5 км төмен: су сапасы нормаланбайды (>4-класс): қалқыма заттар – 16,74 мг/дм<sup>3</sup>, фенолдар – 0,002 мг/дм<sup>3</sup>, магний – 63,4 мг/дм<sup>3</sup>, хром(6+) – 0,176 мг/дм<sup>3</sup>. Магний, қалқыма заттар, фенолдар, хром(6+) нақты концентрациясы фондық кластан асады.

-Елек өзені, Ақтөбе облысы, Целинный ауылынан 1,0 км оңтүстік – шығысқа, Елек өзенінің сол жақ жағалауы: су сапасы 4-класқа жатады: магний – 67,7 мг/дм<sup>3</sup>, хром(6+) – 0,082 мг/дм<sup>3</sup>. Магний, хром(6+) нақты концентрациясы фондық кластан асады.

**Елек өзені** бойынша су температурасы 10 – 11,5°C, сутегі көрсеткіші 8,03 – 8,29, судағы еріген оттегі концентрациясы 9,34 – 9,97 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,92 – 2,04 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі – 21, иісі – 0.

Елек өзені бойынша су сапасы 4 класқа жатады: магний – 61,3 мг/дм<sup>3</sup>.

**-Қарғалы өзені,** Қарғалы ауылы, ауылдың батыс бөлігінде Бұтақ өзенінің су келуінің оң жақ беткейінен 1 км төмен: су сапасы 5 класқа жатады: фенолдар – 0,005 мг/дм<sup>3</sup>. Фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Су температурасы 7°С, сутегі көрсеткіші 8,05, судағы еріген оттегі концентрациясы 7,77 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,52 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі – 21, иісі – 0.

**-Қос-Естек,** Қос-Естек ауылы, ауылдың оңтүстік-батыс бөлігінде шамамен атауы жоқ су сағасының сол жақ беткейінен 1 км жоғары, Таранғұл және Айтпай өзендерінің суы қосылған жерінен 2 км төмен: су сапасы 5 класқа жатады: аммоний-ион – 2,58 мг/дм<sup>3</sup>, қалқыма заттар – 21,98 мг/дм<sup>3</sup>, фенолдар – 0,005 мг/дм<sup>3</sup>. Аммоний-ионның, қалқыма заттардың, фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Су температурасы 10°С, сутегі көрсеткіші 8,03, судағы еріген оттегі концентрациясы 9,51 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 1,37 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі – 21, иісі – 0.

**Ақтасты өзені,** Белогорка ауылы, ауыл шетінің солтүстік-шығыс беткейі, Ақтасты құрайтын Тересбұтақ және Теренсай өзендерінің су қосылған жерінен 9 км төмен: су сапасы 5 класқа жатады: аммоний ион – 2,53 мг/дм<sup>3</sup>. Аммоний-ионның нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Су температурасы 8°С, сутегі көрсеткіші 7,79, судағы еріген оттегі концентрациясы 9,03 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,91 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі – 19, иісі – 0.

**Ойыл өзені,** Ойыл ауылы, ауыл шетінің солтүстік-шығыс беткейінде автожол көпірінен (белдемінен) 92 м жоғары: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 60,6 мг/дм<sup>3</sup>, минералдану – 1554. Магнийдің, минералданудың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Су температурасы 12°С, сутегі көрсеткіші 8,04, судағы еріген оттегі концентрациясы 9,13 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 1,57 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі – 21, иісі – 0.

**Үлкен Қобда,** Қобда ауылы, Новоалексеевка ауылының шетінен оңтүстік-шығысқа 1 км, Темірбетонды автожол көпірінен (белдемінен) 400 м төмен: су сапасы 4 - класқа жатады: магний – 52,7 мг/дм<sup>3</sup>, минералдану – 1405 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдың, минералданудың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Су температурасы 10°С, сутегі көрсеткіші 7,83, судағы еріген оттегі концентрациясы 9,10 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,33 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі – 21, иісі – 0.

**- Қара Қобда,** Альпасай ауылы, Альпасай ауылынан 360 м. Шығысқа және Сары-Қобда өзенімен су қосылған жерден 18 км: су сапасы 4 - класқа жатады: магний – 58,5 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Су температурасы 11°С, сутегі көрсеткіші 7,63, судағы еріген оттегі концентрациясы 8,98 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,52 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі – 21, иісі – 0.

#### **Ембі өзені**

- Жағабұлақ ауылы, Жағабұлақ ауылынан 1,0 км солтүстік-батыста: су сапасы 5 - класқа жатады: қалқыма заттар – 19,51 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Саға ауылы, Ауылдан 1,0 км оңтүстік-батыста: су сапасы 4 класқа жатады: аммоний-ион – 1,86 мг/дм<sup>3</sup>, магний – 91 мг/дм<sup>3</sup>. Аммоний-ионның, магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

**Ембі өзені** бойынша су температурасы 14 – 15°C, сутегі көрсеткіші 8,01 – 8,04, судағы еріген оттегі концентрациясы 9,1 – 9,21 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 0,77 – 1,49 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі – 21, иісі – 0.

Ембі өзені бойынша су сапасы 4 класқа жатады: магний – 78,4 мг/дм<sup>3</sup>, аммоний-ион – 1,79 мг/дм<sup>3</sup>. Аммоний-ионның және магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

#### **Темір өзені**

- Покровское ауылы, Шелісай өзенінің су келуінің сол жақ беткейінен 400 м төмен: су сапасы 4 класқа жатады: аммоний-ион – 1,04 мг/дм<sup>3</sup>, магний – 37,3 мг/дм<sup>3</sup>. Магний нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Ленинское ауылы, ауылдан 9 км төмен, Күлден-Темір өзенінің су сағасының сол жақ беткейінен 2 км төмен: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 38,2 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

**Темір өзені** бойынша су температурасы 9 – 11 °С, сутегі көрсеткіші 7,49 – 7,92, судағы еріген оттегі концентрациясы 8,63 – 8,94 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 0,75 – 0,94 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі – 21, иісі – 0.

Темір өзені бойынша су сапасы 4 класқа жатады: магний – 37,75 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

-**Ор өзені**, Бөгетсай ауылы, ауылдан 0,3 км төмен, Бөгетсай өзенінің құйылысынан 0,2 км төмен: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 65,9 мг/дм<sup>3</sup>, минералдану – 1359. Магнийдің, минералданудың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Су температурасы 11°C, сутегі көрсеткіші 8,05, судағы еріген оттегі концентрациясы 10,11 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 3,93 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі – 12, иісі – 0.

- **Ырғыз өзені**, Шеңбертал ауылы, ауылдан 8 км және темірбетон көпірден 1,2 км: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 83 мг/дм<sup>3</sup>, қалқыма заттар – 28,1 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдің, қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Су температурасы 15,8°C, сутегі көрсеткіші 8,14, судағы еріген оттегі концентрациясы 9,75 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 1,23 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі – 14, иісі – 0.

**Шалқар көлі**, Шалқар қ., Шалқар көлінің шығыс жақ жағасы: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 77 мг/дм<sup>3</sup>, қалқыма заттар – 22,12 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдің, қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Су температурасы 13°C, сутегі көрсеткіші 8,00, судағы еріген оттегі концентрациясы 8,98 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 1,71 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі – 11, иісі – 0.

Бірыңғай жіктеме бойынша қазан айы 2019 жылғы Ақтөбе облысы аумағындағы су объектілері келесідей бағаланады: 4 класс - Елек, Ембі, Қара Қобда, Ырғыз, Үлкен Қобда, Ор, Темір, Ойыл өзендері және Шалқар көлі; 5 класс – Қосестек, Ақтасты, Қарғалы өзендері.

### **2.3 Ақтөбе облысының радиациялық гамма-фоны**

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 7 метеорологиялық станцияларда (Ақтөбе, Қарауылгелді,



Новоалексеевка, Родниковка, Ойыл, Шалқар, Жағабұлақ) және Ақтөбе қаласының (№2 ЛББ, №3 ЛББ) 2 автоматты бекетінде бақылау жүргізілді (2.2-сур.).

Елді-мекендер бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,04– 0,27 мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,13 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

#### 2.4 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Ақтөбе облысында 3 метеорологиялық станцияларда (Ақтөбе, Қарауылгелді, Шалқар) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (2.2-сур.). Барлық станцияларда бес тәуліктік сынамаларды алу жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 1,1–2,2 Бк/м<sup>2</sup> аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,6 Бк/м<sup>2</sup>, бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



2.2-сурет. Ақтөбе облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы



### 3 Алматы облысының қоршаған орта жай-күйі

#### 3.1 Алматы қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 16 стационарлық бекетте жүргізілді (3.1-сур., 3.1-кесте).

3.1-кесте

#### Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 4 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Амангелді к-сі. Сәтбаев к-сі бұрышы	Қалқыма бөлшектер (шаң) күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенолдар, формальдегид
12	тәулігіне 3 рет		Райымбек даңғылы, Наурызбай батыр к-сі бұрышы	
16			Айнабұлақ-3 ш-а	
25			Ақсай-3 ш-а, Маречека к-сі, Б.Момышұлы к-сі бұрышы	
26			Тастақ-1 ш-а, Төле би к-сі, 249, ММ «№8 қалалық балалар емханасы»	
27	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Медеу метеостансасы, Горная к-сі,548	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді
28			аэрологиялық станса (Әуежай ауданы) Ахметов к-сі, 50	
29			Түркісіб ауданының ІДАБ Р. Зорге к-сі,14	
30			«Шаңырақ» ш-а,№26 мектеп, Жанқожа батыр к-сі., 202	
31			Аль-Фараби даңғылы, Науаи к-сі бұрышы, Орбита ш-а («Зеленстрой» АҚ Дендропарк аймағы)	
1			Аль-Фараби атындағы ұлттық университеті аумағы, Бостандық ауданы	
2	Бұрындай автошаруашылық, Аэродромная к-сі, Түркісіб ауданы			
3	Момышұлы көшесіндегі «Алматы арена» мұз аренасы, Алатау ауданы			
4	№32 жалпы білім беру мектебі, 70 разъезд ауданы, Түркісіб ауданы			
5	«Халық арена»мұз аренасы, Медеу ауданы, Думан мөлтекауданы			

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
6			Жетісу әкімшілігі аумағы, «Құлагер» мөлтекауданы, Жетісу ауданы	



3.1-сурет. Алматы қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (3.1-сурет.) қалада атмосфералық ауаның жалпы ластану деңгейі **жоғары деңгейде** болып бағаланды, ол СИ тең 6,2 (жоғары деңгей) мәнімен РМ-2,5 қалқыма бөлшектері бойынша №30 бекет аумағында («Шаңырақ» ш-а, №26 мектеп, Жанқожа батыр к-сі, 202), ал ЕЖҚ=37% (жоғары деңгей) мәнімен азот диоксиді бойынша №12- бекет аумағында (Райымбек даңғылы, Наурызбай батыр к-сі бұрышы) анықталды. (1,2 сур.).

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары: күкірт диоксиді – 5,0 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, азот диоксиді – 2,2 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, формальдегид - 1,5 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері - 1,4 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, РМ-10 қалқыма бөлшектері - 1,0 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, азот оксиді -1,0 ШЖШ<sub>о.т.</sub> құрады, ауыр металдардың шамасы және басқа ластаушы заттар – ШЖШ<sub>о.т.</sub> -дан аспады.

Ластаушы заттарының максималды-бір реттік шоғырлары: РМ-2,5 қалқыма бөлшектері – 6,2 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 3,5 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, азот диоксиді – 2,9 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, көміртегі оксиді - 1,8 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, азот оксиді – 1,8 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ<sub>м.б.</sub> -дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.


### 3.2 Талдықорған қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (3.2-сур., 3.2-кесте).

3.2-кесте

#### Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Гагарин көш., 216 және Жабаев көшесі	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутек, аммиак.
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Қонаев көш., 22	PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, аммиак, гамма сәулеленудің қуаттылығының эквивалентті дозасы



3.2-сурет. Талдықорған қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің (3.2-сур.) деректері бойынша қалада атмосфералық ауаның жалпы ластану деңгейі **көтеріңкі деңгейде** болып бағаланды, СИ тең 2,0 (көтеріңкі деңгей) мәнімен және ЕЖҚ=6% (көтеріңкі деңгей) қалқыма бөлшектері (шаң) бойынша № 1 бекет аумағында (Гагарин көш., 216 және Жабаев көшесі) анықталды (1,2 сур.)

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары: азот диоксиді - 1,4 ШЖШ<sub>о.т</sub> құрады, басқа ластаушы заттектердің мөлшері ШЖШ-дан аспады.

Ластаушы заттардың максималды-бірлік шоғырлары: РМ-10 қалқыма бөлшектері - 1,8 ШЖШ<sub>м.б</sub>, қалқыма бөлшектері (шаң) - 2,0 ШЖШ<sub>м.б</sub>, көміртегі оксиді - 1,6 ШЖШ<sub>м.б</sub>, азот диоксиді - 1,1 ШЖШ<sub>м.б</sub>, азот оксиді- 1,3 ШЖШ<sub>м.б</sub>, құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

### 3.3 Алматы облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Алматы облысы аумағында жер үсті суларының ластануын бақылау 13 су объектісінде: Іле, Текес, Қорғас, Кіші Алматы, Есентай, Үлкен Алматы, Қаратал, Ақсу, Лепсі өзендері, Қапшағай су қоймасы, Үлкен Алматы, Балқаш, Алакөл көлдерінде жүргізілді.

Іле өзенінің басы Қытай территориясы Тянь-Шань тау етегінен бастау алады және Қазақстанның ең ірі трансшекаралық өзендерінің бірі боп саналады. Алматы облысы аумағынан Балқаш өзенінің батыс бөлігіне құйылады. Текес, Шарын, Шелек, Түрген, Есік, Баянкөл, Қаскелен, Үлкен Алматы, Кіші Алматы өзендері Іле өзенінің сол жақ жағалаудағы саласы болып табылады. Есентай өзені Кіші Алматы өзенінің тармағы. Қарқара және Темірлік өзендері Шарын өзенінің саласы. Қорғас өзені Іле өзенінің оң жақ жағалаудағы саласы болып саналады. Талғар өзені Қапшағай су қоймасына құяды. Қаратал, Ақсу, Лепсі, Балқаш көліне, Тентек, Жаманты, Ырғайты, Еміл, Қатынсу, Үржар, Егінсу өзендері Алакөл көліне құйылады.

#### **Кіші Алматы өзені:**

- Алматы қ., қаладан 11 км жоғары, су сапасы 1 класқа жатады.

- Алматы қ., Мехкомбинат тұстамасынан 0,5 км төмен, су сапасы 5 класқа жатады: фторидтер – 1,82 мг/дм<sup>3</sup>. Фторидтер нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Алматы қ., қаладан 4,0 км төмен, су сапасы нормаланбайды (>3 класс) жатады темір (3+) - 0,03 мг/дм<sup>3</sup>. Темір(3+) нақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

Кіші Алматы өзені ұзындығы бойынша барлық тұстамаларда су температурасы 6,9-12,8 °С аралығында, сутегі көрсеткіші – 7,79-8,22, суда еріген оттегінің орташа концентрациясы – 10,9-11,2 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub>– 0,8-1,2 мг/дм<sup>3</sup>, түсі – 6-8 градус, судың иісі – 0 балл.

Су сапасы 3 класқа жатады: темір (3+) - 0,02 мг/дм<sup>3</sup>.

#### **Үлкен Алматы өзені:**

- Алматы қ., қаладан 9,1 км жоғары, су сапасы 3 класқа жатады, қалқыма заттар - 12 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Алматы қ., АХБК тұстамасынан 0,5 км төмен, су сапасы 1 класқа жатады №

- Алматы қ., Автожолдың көпірінен 0,2 км жоғары, Рыскулов даң., су сапасы нормаланбайды (>3 класс): темір (3+) - 0,03 мг/дм<sup>3</sup>. Темір(3+) нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Үлкен Алматы өзені ұзындығы бойынша барлық тұстамаларда су температурасы 9,4-11,8 °С аралығында, сутегі көрсеткішінің орташа мәні 7,96-8,07, суда еріген оттегінің концентрациясы – 9,7-11,3 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 1-1,4 мг/дм<sup>3</sup>, түсі – 8 градус, судың иісі – 0 балл.

Су сапасы 2 класқа жатады: фторидтер – 1,10 мг/дм<sup>3</sup>.

#### **Есентай өзені:**

- Алматы қ., Аль-Фараби даң., көпірден 0,2 км жоғары су сапасы 3 класс: темір (3+) - 0,02 мг/дм<sup>3</sup>. Темір(3+) нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

- Алматы қ., Рыскулов даң., көпірден 0,2 км жоғары, су сапасы 2 класс: фторидтер – 1,39 мг/дм<sup>3</sup>. Фторидтер нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Есентай өзенінің ұзындығы бойынша барлық тұстамаларда су температурасы 10,7-12,6 °С аралығында, сутегі көрсеткіші 7,96-8,12, суда еріген оттегінің концентрациясы – 10,3-10,7 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,7-1,21 мг/дм<sup>3</sup>, түсі – 7-10 градус, иісі – 0 балл.

Су сапасы 2 класс, фторидтер – 1,03 мг/дм<sup>3</sup>.

**Үлкен Алматы көлі,** Алматы қаласынан А-70 оңға қарай 16 км, су сапасы 3 класқа жатады, темір(3+) - 0,02 мг/дм<sup>3</sup>. Темір(3+) нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Су температурасы – 7,7 °С, сутегі көрсеткіші – 7,78, суда еріген оттегінің концентрациясы – 11,0 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 1,0 мг/дм<sup>3</sup>, судың түстілігі – 7 градус, судың иісі – 0 балл.

**Текес өзенінде** су сапасы 3 класқа жатады: магний – 23,2 мг/дм<sup>3</sup>, темір(3+) - 0,02 мг/дм<sup>3</sup>. Магний нақты концентрациясы фондық кластан асады. Темір(3+) нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Су температурасы 5,0-7,2 °С аралығында, сутегі көрсеткіші - 7,79-8, суда еріген оттегінің концентрациясы – 11,2-12,2 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,7-1,0 мг/дм<sup>3</sup>, судың түстілігі – 5-6 градус, иісі – 0 балл.

#### **Қорғас өзені:**

- Басқұншы а., су бекеті тұстамасында, су сапасы 3 класқа жатады, темір(3+) - 0,02 мг/дм<sup>3</sup>, фосфаттар- 0,442 мг/дм<sup>3</sup>. Темір(3+) нақты концентрациясы фондық кластан аспайды. Фосфаттар нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Ынталы заставасы су сапасы нормаланбайды (>3 класс): темір(3+) - 0,025 мг/дм<sup>3</sup>. Темір(3+) нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Қорғас өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 8,2-12,5°С аралығында, сутегі көрсеткіші – 7,7-8, суда еріген оттегі – 9,3-11,3 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,7-1,2 мг/дм<sup>3</sup>, түсі – 5-6 градус, иісі – 0 балл.

Су сапасы нормаланбайды (>3 класс): темір(3+) – 0,023 мг/дм<sup>3</sup>.

#### **Іле өзені:**



- ГБ 164 км, Қапшағай ГЭС су бекеті тұстамасында, су сапасы 2 класқа жатады, қалқыма бөлшектер – 92 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма бөлшектер нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

- Қапшағай т. м., ГЭС-тен 26 км төмен су сапасы 3 класқа жатады, темір(3+) - 0,02 мг/дм<sup>3</sup>, фосфаттар- 0,631 мг/дм<sup>3</sup>. Темір(3+) нақты концентрациясы фондық кластан аспайды. Фосфаттар нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Үшжарма а., Үшжарма ауылынан 6,0 км төмен, су сапасы 2 класс: фторидтер – 0,91 мг/дм<sup>3</sup>. Фторидтер нақты концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- Добын ай., су бекеті тұстамасында, су сапасы 2 класқа жатады, фосфаттар- 0,447 мг/дм<sup>3</sup>. Фосфаттар нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Іле өзенінің ұзындығы бойынша барлық тұстамаларда су температурасы 9,6-16,5°C аралығында, сутегі көрсеткіші – 7,6-8,1, суда еріген оттегінің концентрациясы – 9,6-11,0 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,5-0,7 мг/дм<sup>3</sup>, судың түстілігі – 5-7 градус, иісі – 0 балл.

Су сапасы 2 класқа жатады фосфаттар- 0,383 мг/дм<sup>3</sup>.

#### **Қапшағай су қоймасы:**

- Қапшағай қ., Қаскелен өз. сағасынан 4,5 км А-16, су сапасы нормаланбайды (>3 класс): темір (3+) - 0,03 мг/дм<sup>3</sup>. Темір(3+) нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

- Қарашоқы а., ауыл шекарасында, су сапасы 3 класқа жатады, темір(3+) - 0,02 мг/дм<sup>3</sup>. Темір(3+) нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Қапшағай су қоймасының барлық тұстамасында су температурасы 14,7-15 °С аралығында, сутегі көрсеткіші – 8,1-8,2, суда еріген оттегінің орташа концентрациясы – 10,6-11,2 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,5-1,2 мг/дм<sup>3</sup>, түсі – 7 градус, иісі – 0 балл.

Су сапасы нормаланбайды (>3 класс): темір (3+) - 0,025 мг/дм<sup>3</sup>

#### **Лепсі өзені:**

- Лепсі стансасында су сапасы нормаланбайды (>3 класс) жатады темір (3+) - 0,03 мг/дм<sup>3</sup>. Темір(3+) нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

- Төлебай а. су сапасы 2 класқа жатады: фторидтер- 0,91 мг/дм<sup>3</sup>. Фторидтер нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Лепсі өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 12,1°C, сутегі көрсеткішінің орташа мәні 8,1-8,17, суда еріген оттегі концентрациясы – 11,0-11,2 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,5-1,1 мг/дм<sup>3</sup>, судың түстілігі – 6 градус, судың иісі – 0 балл.

Су сапасы 2 класқа жатады: фторидтер- 1,02 мг/дм<sup>3</sup>.

#### **Ақсу өзені:**

- Матай стансасында су сапасы нормаланбайды (>3 класс): темір (3+) - 0,03 мг/дм<sup>3</sup>. Темір(3+) нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Су температурасы - 11,3°C, сутегі көрсеткіші – 8,2, суда еріген оттегінің концентрациясы – 10,9 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 1,0 мг/дм<sup>3</sup>, судың түстілігі – 6 градус, судың иісі – 0 балл.

#### **Қаратал өзені:**

- Талдықорған қ. су сапасы 2 класқа жатады, фосфаттар- 0,448 мг/дм<sup>3</sup>. Фосфаттар нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- *Текелі қ.* су сапасы 1 класқа жатады.

- *Үштөбе а.* су сапасы нормаланбайды (>3 класс) жатады темір (3+) - 0,04 мг/дм<sup>3</sup>. Темір(3+) нақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

*Қаратал өзенінің ұзындығы бойынша* су температурасы 7-12,9°C, сутегі көрсеткішінің орташа мәні 7,9-8,27, суда еріген оттегінің концентрациясы – 10,4-11,2 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub>–0,5-1,1 мг/дм<sup>3</sup>, түсі – 6-7 градус, судың иісі – 0 балл.

Су сапасы 3 класқа жатады: темір (3+) - 0,02 мг/дм<sup>3</sup>.

### **Балқаш көлі:**

- *Қарашаған шығанағы* су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний - 128 мг/дм<sup>3</sup>, сульфаттар – 1969 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация - 4521 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер - 971 мг/дм<sup>3</sup>. Сульфаттар, минерализация нақты концентрациясы фондық кластан асады, магний, хлоридтер концентрациясы фондық кластан аспайды.

- *Бүрлі – Төбе ауылы* су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний - 132 мг/дм<sup>3</sup>, сульфаттар - 1921 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация - 4622 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер - 1028 мг/дм<sup>3</sup>. Сульфаттар, минерализация нақты концентрациясы фондық кластан асады, магний, хлоридтер концентрациясы фондық кластан аспайды.

Қалқыма бөлшектердің (шаң) орташа айлық шоғырлары – 3,2 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, азот диоксиді – 1,1 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, фенолдың – 2,2 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Қалқыма бөлшектердің (шаң) максималды бір реттік шоғырлары – 1,6 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, фенолдың – 2,1 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкірт диоксиді – 2,0 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, көміртегі оксиді – 1,4 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, азот диоксиді – 2,3 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

#### 8.4 Саран қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (8.4-сур., 8.4-кесте).


8.4-кесте

#### Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
--------------	----------------	-----------------	------------------	----------------------



2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Саран көшесі, 28а, орталық аурухана аумағында	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, озон (жербеті)
---	-------------------	-------------------	---	---



8.4-сурет. Саран қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.2-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **төменгі** болып бағаланды, СИ=0,9 және ЕЖҚ=0-ге тең.

Орташа және максималды бір реттік айлық шоғырлары рұқсат етілген норма шегінен аспады (1-кесте).

### 8.5 Теміртау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (8.5-сур., 8.8-кесте).

8.5-кесте

#### Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
3	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Димитров көшесі, 213	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді,
4			6-шағын аудан («Опан» шоқысы, ішетін су	

			резервуарының аумағы)	азот оксиді және диоксиді, күкіртті сутегі, фенол, аммиак,сынап
5			3 «а» шағын ауданы (құтқару стансасының ауданы)	
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Фурманов көшесі, 5	Қалқыма бөлшектер, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді және диоксиді,күкіртті сутегі, аммиак, көмірсутегісінің сомасы, метан, радиациялық гамма фон қуаттылығы



8.5-сурет. Теміртау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.5 сур.) қаланың атмосфералық ауасы ластану деңгейі **жоғарғы** болып бағаланды, СИ = 6,8 (жоғарғы деңгей) күкірт диоксиді бойынша және ЕЖҚ = 24 % (жоғарғы деңгей) күкіртсутегі бойынша № 2 – бекеттің аумағында (*Фурманов көшесі, 5*) анықталды.

Орташа айлық шоғырлары: қалқыма бөлшектердің (шаң) – 1,6ШЖШ<sub>о.т.</sub>, РМ 2,5 қалқыма бөлшектері – 1,2ШЖШ<sub>о.т.</sub>, күкірт диоксиді – 1,2ШЖШ<sub>о.т.</sub>, фенол – 2,3ШЖШ<sub>о.т.</sub>, аммиак – 1,1ШЖШ<sub>о.т.</sub> құрады, басқа ластаушы заттар – ШЖШ-дан аспады.

Максималды бір реттік айлық шоғырлары: қалқыма бөлшектердің (шаң) – 1,4ШЖШ<sub>м.б.</sub>, РМ 2,5 қалқыма бөлшектері – 6,1ШЖШ<sub>м.б.</sub>, РМ 10 қалқыма бөлшектері – 3,2ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкірт диоксиді – 6,8ШЖШ<sub>м.б.</sub>, азот оксиді – 4,4ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкіртсутегі – 6,5ШЖШ<sub>м.б.</sub>, фенол – 3,2ШЖШ<sub>м.б.</sub>, аммиак – 2,1ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

## 8.6 Қарағанды облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Қарағанды облысындағы жерүсті суларының ластануын бақылау 15 су нысанында жүргізілді: Нұра, Шерубайнұра, Соқыр, Қара Кеңгір Көкпекті, Сарысу өзендері; Самарқан, Кеңгір су қоймалары, Қ. Сатпаев атындағы арна, Балхаш көлі, Қорғалжын қорығының көлдері: Шолақ, Есей, Сұлтанкелді, Қоқай, Теңіз.

Нұра өзені Керегетас тауларынан бастау алып, үлкен Теңгіз көлімен қосылып жатқан Қорғалжын көлдері жүйесіне құяды. Өзен бастауын Қарағанды облысы аумағынан алып, Ақмола облысы арқылы ағып өтеді. Нұра өзенінде Самарқан суқоймасы орналасқан. Шерубайнұра өзені – Нұра өзенінің оң жақ жағалауындағы саласы. Кеңгір суқоймасы Қара Кеңгір өзенінде орналасқан, бұл өзен – Сарысу өзенінің оң жақ саласы болып табылады.

### Нұра өзені:

- тұстама: «Ынтымақ ауылының автокөлік көпіріндегі Ынтымақ, бкм. төмен». Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 51,2 мг/дм<sup>3</sup>.

- тұстама: Нұра өз., Шешенқара а., ауылдан 3 км төмен, автожол көпірдің ауданында: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 51,5 мг/дм<sup>3</sup>. Магний нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: «Ботақара ауылының автокөлік көпіріндегі Ботақара, 2км. төмен». Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 41,1 мг/дм<sup>3</sup>.

- тұстама: «Балықты т.ж. стансасы». Су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар – 24,9 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

- тұстама: Теміртау қ. 0,1 км төмен, "Арселор Миттал Теміртау" АҚ және "ТЭМК" АҚ ағынды сулар арығынан 1 км жоғары. Су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар – 24,5 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан аспайды.

- тұстама: «Теміртау қ. 2,1 км төмен, «Арселор Миттал Теміртау» АҚ және «ТЭМК» АҚ ағынды сулар арығынан 1 км төмен». Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 32,3 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: Садовое бөлімшесі, ауылдан 1 км төмен. Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 32,3 мг/дм<sup>3</sup>, қалқыма заттар – 24,3 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: «Теміртау қ. 6,8 км төмен, «Арселор Миттал» АҚ және «ТЭМК» АҚ ағынды сулар арығынан 5,7 км төмен». Су сапасы 4 класқа жатады. магний – 32,8 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: ЖанаТалап а., ауыл маңындағы авто-жол көпірі. Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 42,4 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Нұра өз, Ынтымақ су қоймасының Жоғарғы ағыны, Ақтөбе а. төмен өзен арнасы бойынша 4,8 км. Су сапасы 4 класқа жатады. магний – 42,4 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.



- тұстама: Бінтымақ су қоймасының Төменгі ағыны, плотинадан 100 м төмен; Су сапасы 4 класқа жатады. магний – 37,9 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: Ақмешіт а., ауылдың шегінде. Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 40,1 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Нұра өз., Нұра к., ауылдан 2,0 км төмен. Су сапасы 4 класқа жатады. магний-40,6 мг/дм<sup>3</sup>, фенолдар – 0,002 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Нұра өз., Рахымжан Қошқарбаев а., ауылдан 5,0 км төмен. Су сапасы 4 класқа жатады: магний-43,9 мг/дм<sup>3</sup>, фенолдар – 0,002 мг/дм<sup>3</sup>. Магний нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Кендібай су құбыры, 6 км Сабынды а. оңтүстік бойынша. Су сапасы 5 класқа жатады: қалқымалы заттар – 48,2 мг/дм<sup>3</sup>, фенолдар – 0,002 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Нұра өз., Қорғалжын а., ауылдан 0,2 км төмен. Су сапасы 4 класқа жатады. магний – 58,4 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Нұра өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 2,0-12,2 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,75-8,48, судағы еріген оттегі концентрациясы – 8,91-12,70 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,66-2,97 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі - 5,0-65,0 градус; иісі – 0 балл барлық тұстамаларда. Нұра өзенінің ұзындығы бойынша судың сапасы 4 класқа жатады: магний – 41,5 мг/дм<sup>3</sup>.

#### **Самарқан су қоймасы**

-тұстама: Теміртау қ., плотинадан 7 км жоғары; Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 30,5 мг/дм<sup>3</sup>, қалқыма заттар-25 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады, қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан аспайды.

-тұстама: Теміртау қ. шегінде, су қоймасының оңтүстік жағалауынан жарма бойынша (ұзындығы) 0,5 км. Су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар – 28,5 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Самарқан су қоймасы- бойынша су температурасы 5,1-11,6°С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,21-8,30, судағы еріген оттегі концентрациясы – 9,24-10,07 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 1,65-2,33 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі - 36,41 градус; иісі – 0 балл барлық тұстамаларда. Су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар – 26,8 мг/дм<sup>3</sup>.

**Кенгір су қоймасы**-бойынша су температурасы 14,0°С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,95, судағы еріген оттегі концентрациясы – 8,19 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,70 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі – 12 градус; иісі – 0 балл.

-тұстама :Кенгір суқоймасы, Жезқазған қ., Қара Кенгір өзенінен 0,1 км А 15. Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций – 251 мг/дм<sup>3</sup>. Кальцийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

#### **Қара Кенгір өзені:**

- тұстама :«Жезқазған қ., қаланың шегінде, Кенгір суқоймасының плотинасынан 0,2 км төмен, «ПТВС» АҚ ағынды сулар ағызудан 0,2 км. жоғары» - Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций – 257 мг/дм<sup>3</sup>. Кальцийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: «Жезқазған қ. шегінде, Кеңгір суқоймасының плотинасынан 4,7 км төмен, «ПТВС» АҚ ағынды сулар ағызудан 0,5 км. төмен»- Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ионы – 11,7 мг/дм<sup>3</sup>, жалпы фосфор – 2,181 мг/дм<sup>3</sup>, жалпы темір – 0,39 мг/дм<sup>3</sup>, магний – 125 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub>- 36,0 мг/дм<sup>3</sup>. Жалпы фосфордың, жалпы темірдің, магнийдің, және ОБТ<sub>5</sub> –тің концентрациясы судағы заттардың фондық мөлшерінен асты.

- тұстама: «Жезқазған қ. шегінде, Кеңгір суқоймасының плотинасынан 3,0 км төмен, «ПТВС» АҚ ағынды сулар ағызудан 5,5 км. төмен»- Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ионы – 6,89 мг/дм<sup>3</sup>, жалпы фосфор – 2,599 мг/дм<sup>3</sup>, кальций – 385 мг/дм<sup>3</sup>, магний – 276 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация - 2491 мг/дм<sup>3</sup>. Жалпы фосфордың, кальцийдің, магнийдің, және минерализацияның концентрациясы судағы заттардың фондық мөлшерінен асты.

Қара Кеңгір өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 10,4-12,8°C шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,33-7,73, судағы еріген оттегі концентрациясы 3,22-7,66 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 1,12-36,0 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі – 11-51 градус; иісі – 1 балл. Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ионы- 6,24 мг/дм<sup>3</sup>, жалпы фосфор – 1,912 мг/дм<sup>3</sup>, кальций – 312 мг/дм<sup>3</sup>, магний – 159 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub>- 13,15 мг/дм<sup>3</sup>.

#### **Сарысу өзені:**

-тұстама: «Сарысу с/о-нен 0,5 км» - Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): жалпы темір – 0,32 мг/дм<sup>3</sup>, кальций – 253 мг/дм<sup>3</sup>, магний -229 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация – 2294 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 2130 мг/дм<sup>3</sup>.

-тұстама: «0,5 км дюкерден жоғары»- Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций - 285 мг/дм<sup>3</sup>, магний – 406 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация - 6101 мг/дм<sup>3</sup>, сульфаты – 162 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 2300 мг/дм<sup>3</sup>.

- тұстама: «4,0 км. Дюкерден төмен»- Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций - 305 мг/дм<sup>3</sup>, магний – 301 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация -6426 мг/дм<sup>3</sup>, сульфаты – 1729 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 2315 мг/дм<sup>3</sup>.

Сарысу өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 8,0-9,8°C шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,01-8,08, судағы еріген оттегі концентрациясы 4,39-7,08 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> –0,50-0,88 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі – 36-2 градус; иісі – 1 балл барлық тұстамаларда. Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций - 281 мг/дм<sup>3</sup>, магний – 312 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация- 6073 мг/дм<sup>3</sup>, сульфаты – 1585 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 2248 мг/дм<sup>3</sup>.

#### **Соқыр өзені:**

- тұстама: «Соқыр өз., сағасы, Құрылыс а. маңындағы автожол көпірі». Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 34,8 мг/дм<sup>3</sup>.

-тұстама: Қаражар а. маңындағы автожол көпірі бойынша сағасы, су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ионы– 9,03 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтар – 386 мг/дм<sup>3</sup>. Аммоний ионы мен хлоридтердің концентрациясы фондық кластан асады.

Соқыр өз. - су температурасы 0,2-11,2 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,76-7,10 , судағы еріген оттегі концентрациясы 8,91-10,73 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> –1,65-2,48 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі – 53-67 градус; иісі – 0 балл. Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ион – 6,14 мг/дм<sup>3</sup>.

### **Шерубайнұра өзені:**

-тұстама: Шерубайнұра өз., Шопа сағасы, Шопа а. шегінде. Су сапасы 3 класқа жатады: магний – 22,7 мг/дм<sup>3</sup>.

-тұстама: Шерубайнұра өз., Қарағанды –Жезқазған автокөлікті мост трассасындағы Қара-мұрын ауылы. Су сапасы 3 класқа жатады: магний – 28,9 мг/дм<sup>3</sup>.

-тұстама: «Асыл а. 2,0 км төмен сағасындағы» тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ион – 7,55 мг/дм<sup>3</sup>. Аммоний- ион концентрациясы фондық кластан асады.

Шерубайнұра өз. - бойынша су температурасы 0,8-2,80°С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,2-8,2, судағы еріген оттегі концентрациясы 9,24-10,4 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub>–1,65-2,80 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі – 19-58 градус; иісі – 0 балл. Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ионы- 3,88 мг/дм<sup>3</sup>.

**Көкпекті өзені** - су температурасы 5,0 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,18, судағы еріген оттегі концентрациясы 11,88 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 1,98 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі – 28 градус; иісі – 0 балл.

«Жұмыс кентінен 0,5 км төмен» тұстама: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 40,6мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластанн аспайды.

### **Қ.Сәтпаев атындағы арна:**

«№17 сорғы стансасы» тұстамасы. Су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар – 20,2 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан аспайды.

«156 көпір (Петровка а. көпір)» тұстамасы. Су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар – 16,0 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан аспайды.

Қ.Сәтпаев ат.арна ұзындығы бойынша - су температурасы 10,4-10,6 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,91-7,97, судағы еріген оттегі концентрациясы 9,57-10,07 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> –2,48-2,64 мгО/дм<sup>3</sup>, түстілігі – 33,34 градус; иісі – 0 балл. Су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар – 20,1 мг/дм<sup>3</sup>.

Қорғалжын қорығындағы (Қарағанды обл. ) **Шолақ көлінің** су температурасы 10,6 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,98, судағы еріген оттегі концентрациясы 11,55 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> –1,81 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі – 47градус; иісі – 0 балл. Су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар – 50,7 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан аспайды.

Қорғалжын қорығындағы (Қарағанды обл. ) **Есей көлінің** су температурасы 10,0 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,14, судағы еріген оттегі концентрациясы 11,88 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> –1,15 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі – 37 градус; иісі – 0 балл.Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 93,4 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Қорғалжын қорығындағы (Қарағанды обл. ) **Сұлтанкелді көлінің** су температурасы 14,0 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,27 , судағы еріген оттегі концентрациясы 11,55 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> –1,32 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі –43 градус; иісі – 0 балл.Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 86,8 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Қорғалжын қорығындағы (Қарағанды обл. ) **Қоқай көлінің** су температурасы 13,8 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,09 , судағы еріген оттегі концентрациясы 9,57 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> –0,66 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі – 24 градус; иісі – 0 балл. Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 59,6 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Қорғалжын қорығындағы (Қарағанды обл. ) **Теңіз көлінің** су температурасы 13,0 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,40 , судағы еріген оттегі концентрациясы 12,05 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> –1,16 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі – 27 градус; иісі – 0 балл. Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций – 242 мг/дм<sup>3</sup>, магний – 1670 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация – 23640 мг/дм<sup>3</sup>, сульфаттар- 5764 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 15420 мг/дм<sup>3</sup>.

#### **Балқаш көлі:**

- тұстама: Зеленый аралынан 6,5 км А210 тұстамасында: Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 109 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдің концентрациясы фондық кластан аспайды.

- тұстама ЖЭО су түсіру аймағы 1,2 км А107 тұстамасында, беті : Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 103 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдің концентрациясы фондық кластан аспайды.

- тұстама ЖЭО су түсіру аймағы 1,2 км А107 тұстамасында, түбі: Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 108,35 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация – 2027 мг/дм<sup>3</sup>. Минерализация концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама:тұстама ЖЭО су түсіру аймағы 3,1 км А107 тұстамасында, беті: : Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 113,21 мг/дм<sup>3</sup>. Магний концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама:тұстама ЖЭО су түсіру аймағы 3,1 км А107 тұстамасында, түбі: : Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 107,98 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдің концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: ОГП солтүстік жағажайдан 8,0 км А175 тұстамасында, беті: Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 110,17 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация – 2025 мг/дм<sup>3</sup>. Магний мен минерализация концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: ОГП солтүстік жағажайдан 8,0 км А175 тұстамасында, түбі: Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 112,48 мг/дм<sup>3</sup>. Магний концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: ОГП солтүстік жағажайдан 20,0 км А175 тұстамасында, беті: Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 122,3 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация – 2310 мг/дм<sup>3</sup>. Магний мен минерализация концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: ОГП солтүстік жағажайдан 20,0 км А175 тұстамасында, түбі: Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 110,17 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация – 2025 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер- 451 мг/дм<sup>3</sup>. Магний, минерализация және хлоридтің концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: ОГП солтүстік жағажайдан 38,5 км А175 тұстамасында: Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 126 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация – 2042 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдің концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: Балқаш Балық 1,0 км А128 тұстамасында: Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 104 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация – 2118 мг/дм<sup>3</sup>. Минерализация концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: Балқаш Балық 2,3 км А128 тұстамасында: Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 104 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдің концентрациясы фондық кластан аспайды.

- тұстама: Хвосты БЦМ 0,7 км А130 тұстамасында: Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 118 мг/дм<sup>3</sup>. Магний концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: Хвосты БЦМ 2,5 км А130 тұстамасында: Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 110 мг/дм<sup>3</sup>. Магний концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: Қаратал 5,5 км А353 тұстамасында беті: Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 104 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдің концентрациясы фондық кластан аспайды.

- тұстама: Қаратал 5,5 км А353 тұстамасында түбі: Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 104 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдің концентрациясы фондық кластан аспайды.

- тұстама: Қоржын 25,0 км А55 тұстамасында, беті : Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 197 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация- 3493 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 636 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдің, минерализацияның және хлоридтің концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: Қоржын 25,0 км А55 тұстамасында түбі: Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 193,1 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация- 3460 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 636 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдің, минерализацияның және хлоридтің концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: Сары-Есік түбегі 1,7 км А314 тұстамасында, беті: Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 177,9мг/дм<sup>3</sup>, минерализация- 3283 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 574 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдің, минерализацияның және хлоридтің концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: Сары-Есік түбегі 1,7 км А314 тұстамасында, түбі: Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 180,2мг/дм<sup>3</sup>, минерализация- 3215 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 565 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдің, минерализацияның және хлоридтің концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: Іле өзені 22,0 км А253 тұстамасында: Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 115мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдің концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: Қосағаш мүйісі 5,0 км А131 тұстамасында, беті : су сапасы 5 класқа жатады: сульфаттар – 581 мг/дм<sup>3</sup>. Сульфаттардың концентрациясы фондық кластан асады

- тұстама: Қосағаш мүйісі 5,0 км А131 тұстамасында, түбі: су сапасы 5 класқа жатады: сульфаттар – 712 мг/дм<sup>3</sup>. Сульфаттардың концентрациясы фондық кластан асады

- тұстама: Қосағаш мүйісі 15,5 км А131 тұстамасында беті: су сапасы 5 класқа жатады: сульфаттар – 607мг/дм<sup>3</sup>. Сульфаттардың концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: Қосағаш мүйісі 15,5 км А131 тұстамасында, түбі: су сапасы 5 класқа жатады: сульфаттар – 712мг/дм<sup>3</sup>. Сульфаттардың концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: Қосағаш мүйісі 28,5 км А131 тұстамасында: Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 113,94мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдің концентрациясы фондық кластан асады.

Балқаш көлінің Караганда обл. ұзындығы бойынша су температурасы 11,4 – 15,0 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,35-8,66, судағы еріген оттегі концентрациясы – 4,78 – 9,94 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub>–0,30-1,54 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі - 5 – 60градус; иісі – 0 балл барлық тұстамаларда.

Балқаш көлінің су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 121 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация- 2153 мг/дм<sup>3</sup>.

Қарағанды облысы аумағындағы 2019 жылғы қазан айы бойынша су объектілерінің сапасының Бірыңғай жіктеуі келесі түрде бағаланады: 4 класс- Нұра, Көкпекті өзендері, Есей, Сұлтанкелді, Қоқой көлдері (Қорғалжын қорығы); 5 класс- Самарқан су қоймасы, Қ. Сатпаев атындағы арна, Шолақ көлі; >5класс: Кенгір суқоймасы, Соқыр, Шерубайнұра, Сарысу, Қара Кенгір өзендері, Балқаш, Теңіз көлдері (Қорғалжын қорығы) жатады (2 кесте).

## **8.7. Гидробиологиялық көрсеткіштері бойынша жер үсті суларының сапасына анықтама**

### **Нұра өзені**

Зоопланктон қалыпты дамыды. Су сынамасында әртүрлі пайыздық мөлшерде зоопланктонның барлық топтары кездесті. Талшықмұрттылар басым болып, жалпы планктон санының 59% құрады. Ескекеаяқты шаяндар зоопланктон санының 37%, ал домалақ құрттар 4% құрады. Жалпы орташа саны 2,41 мың дана/м<sup>3</sup>, ал биомассасы 25,38 мг/м<sup>3</sup> құрады. Сапроб индексі 1,64 – 1,90 аралығында болып, өзен бойынша орташа сан 1,76 құрады. Зоопланктон жағдайына байланысты, су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Фитопланктон жақсы дамыды. Су сынамасында негізгі топтардың барлық балдырлары кездесті. Диатомды және жасыл балдырлар басымдылық танытып, фитопланктонның жалпы биомассасының 92% көрсетті. Көк-жасыл және өзге балдырлар 7% және 1% құрады. Су сынамасындағы түрлер саны 13 - 30 аралығында болып, орташа сан 24 көрсетті. Альгофлораның жалпы саны 0,83 мың кл/см<sup>3</sup>, жалпы биомассасы 0,082 мг/дм<sup>3</sup> тең болды. Зерттеу нәтижесіне сәйкес ластанған аймақтарға Теміртау қаласы, " бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 1 км төмен..." - 1,93 және "Ақмешіт" ауылы – 1,95 тұстамалары жатады. Орташа сапроб индексі 1,88, яғни үшінші класқа сәйкес орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Нұра өзенінің перифитонның түрлік құрамы жақсы дамыды. Диатомды балдырлардан *Amphora ovalis*, *Diatoma vulgare*, *Surirella spiralis*, жасыл балдырлардан: *Cladophora glomerata*, *Closterium venus*, *Scenedesmus brasiliensis* түрлері кеңірек кездесті. Сонымен қатар су сынамасында кездесу жиілігі 1-2 болатын, көк-жасыл және эвгленалы, тамыраяқтылар мен кірпікшелі инфузориялар

кездесті. Зерттеу нәтижесіне сәйкес ластанған аймақтарға "Садовое" бөлімшесі (2,0) және "Нұра" ауылы (1,97) тұстамалары жатады. Сапроб индексі 1,84 – 2,00 аралығында болды. Орташа сапроб индексі 1,91. Су сапасы перифитон жағдайына байланысты үшінші класқа сәйкес, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Нұра өзенінің түпкі фаунасының түрлік құрамы сүліктер (Hirudinea), ұлулар (Bivalvia және Gastropoda), шаянтәрізділер (Crustacea) класынан және жәндіктер (Insecta) отрядының: Coleoptera (қоңыздар), Diptera (қосқанаттылар), Hemiptera (өрмекшілер), Lepidoptera (көбелектер), Trichoptera (жылғалықтар) құралды. "Ақмешіт" ауылы тұстамасында түр санының көп кездескені байқалды. Су сынамасында түр саны 5-тен жоғары болмады. Биотикалық индекс 5-ке тең. Түпкі фауна зообентос жағдайына байланысты, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Биотестілеудің нәтижесіне сәйкес, тірі қалған дафниялардың бақылауға қатынасы бойынша пайызы 100% құрады. Тест-көрсеткіш 0% көрсетті. Алынған мәліметтерге сәйкес Нұра өзені суы тест-нысанға уытты әсер етпейді.

### **Шерубайнұра өзені**

Зоопланктон бірлестігі зерттелген аймақта су сынамасы тек 1 түрімен – ескекаяқты шаян Eucyclops serrulatus-тан құралды. орташа дамыған. Жалпы саны 0,01 мың дана/м<sup>3</sup>, ал биомассасы 0,1 мг/м<sup>3</sup> құрады. Сапроб индексі 1,85. Зоопланктон жағдайына байланысты су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Фитопланктон жақсы дамыды. Диатомды балдырлар 88% кездесіп, жалпы биомассаны құруға қатысты. Ал жасыл және көк-жасыл балдырлар 6%-дан кездесті. Өзге балдыр түрлері кездеспеді. Жалпы саны 1,09 мың дана/м<sup>3</sup>, жалпы биомассасы – 0,049 мг/дм<sup>3</sup>. Су сынамасындағы түрлер саны – 13. Сапроб индексі - 2,08. Су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Перифитон бірлестігі диатомды, жасыл, көк-жасыл және эвгленалы балдырлардан құралды. Диатомды балдырлардан Cyclotella, Navicula, Stauroneis; жасыл балдырлардан- Chaetophora, Closterium, Scenedesmus, ал көк-жасыл балдырлардан: Oscillatoria tenuis, эвгленалылардан – Phacus curvicauda басымдылық танытты. Сапроб индексі 2,07. Су сапасының класы – үшінші класқа сәйкес болды.

Биотестілеу кезінде тест-нысанға уытты әсері анықталынбады. Өзен бойынша өлген дафниялардың бақылауға қатынасы 0% тең болды.

### **Қара Кеңгір өзені**

Зоопланктон сынамасы қалыпты дамыған. Оның негізін талшықмұртты шаяндар, жалпы зоопланктон санының 57% құрады. Ескекаяқты шаяндар үлесіне - 43% ғана тиді. Домалақ құрттар су сынамасында кездеспеді. Орташа жалпы саны 2,0 мың дана/м<sup>3</sup>, биомассасы 50,26 мг/м<sup>3</sup>. Орташа сапроб индексі – 2,25, яғни орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Фитопланктон қалыпты дамыды. Балдырлардың барлық негізгі топтары кездесті. Диатомды балдырлар басымдылық танытып, 67% құрап, жалпы биомассаны құруға қатысты. Жалпы саны мен биомассасы 0,18 мың кл/см<sup>3</sup>, 0,024 мг/дм<sup>3</sup>. Сынамадағы түрлер саны – 10. Өзен бойынша орташа сапроб индексі – 2,09, яғни орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Биотестілеу кезінде Қара Кеңгір өзені бойынша тірі қалған дафниялар саны 100% көрсетті. Тест-көрсеткіш 0%-ға тең. Алынған мәліметтерге сәйкес, өзен суы тест-нысанға уытты әсер етпейді.

### **Самарқан су қоймасы**

Зоопланктон жақсы дамыды. Шаяндар тең (50%) пайыздық мөлшерде кездесті. Жалпы орташа саны 3,5 мың дана/м<sup>3</sup>, ал биомассасы 38,5 мг/м<sup>3</sup>. Сапроб индексі 1,60, яғни, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Фитопланктон жақсы дамыды. Саны және биомасса жағынан жасыл балдырлар басымдылық танытып, жалпы биомассаның 80% құрады. Жалпы саны 0,82 мың кл/см<sup>3</sup>, биомассасы 0,104 мг/дм<sup>3</sup>. Су сынамасындағы түрлер саны – 22. Сапроб индексі 1,90, яғни, 3 класс, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Перифитон негізін диатомды балдырлар құрады. Соның ішінде *Symbella lanceolate*, *Diatoma vulgare*, *Fragilaria construens* және басқалары басымдылық танытты. Жасыл және көк-жасыл балдырлардың саны шамалы болып, кездесу жиілігі 1-2 құрады. Сапроб индексі 1,96, су класы – үшінші.

Зообентос қосжақтаулы ұлулардан (*Bivalvia*): *Sphaerium corneum* ( $\beta$ - $\alpha$ -2,4) және *Sphaerium solidum*, жәндік дернәсілдерінен (*Insecta*): *Chaoborus* sp. ( $\alpha$ - $\rho$ -2,25) және *Corixa* sp. ( $\alpha$ - $\beta$ -1,85), сонымен қатар шаянтәрізділерден (*Crustacea*) – *Gammarus pulex* ( $\chi$ - $\beta$ -0,65). құралды. Биотикалық индекс 5-ке тең. Түпкі фауна, зообентос көрсеткіші бойынша орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Су қоймадағы суға биотестілеу кезінде тірі қалған дафниялардың саны бақылауға қатынасы бойынша 100% құрады. Тест – көрсеткіш 0% тең. Зерттелген су нысаны *Daphnia magna* уытты әсер етпейді.

### **Кеңгір су қоймасы**

Зоопланктон сынамасы тек ескеаяқты шаяндар класының түрі *Eucyclops setgulatus* құралды. Орташа саны 0,02 мың дана/м<sup>3</sup>, биомассасы 5,0 мг/м<sup>3</sup>. Сапроб индексі 1,85, су класы – үшінші, яғни орташа ластанған.

Фитопланктон орташа дамыды. Негізін жасыл балдырлар құрады. Су сынамадағы түр саны – 8. Жалпы орташа саны 0,09 мың кл/см<sup>3</sup>, ал биомасса 0,016 мг/дм<sup>3</sup> болды. Сапроб индексі 1,90. Су класы – 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зерттелген аймақта тірі қалған дафниялар саны 100%, тест-көрсеткіш - 0% құрады. Алынған мәліметтерге сәйкес Нұра өзені суы тест-нысанға уытты әсер етпейді.

### **Қорғалжын көлдері**

#### **Шолақ көлі**

Зоопланктон бірлестігі қалыпты дамыған. Ескекаяқты шаяндар басым болып, 100% зоопланктонның жалпы санын құрады. Жалпы саны 1,63 мың дана/м<sup>3</sup>, биомассасы 16,25 мг/м<sup>3</sup>. Бета-мезасапробты организмдер басым болды. Зерттелген аймақ көл бойынша сапроб индексі 1,86 құрады.

Фитопланктонда диатомды балдырлар басым болып, жалпы биомассаның 48% құрады. Жасыл балдырлар 42%, көк-жасыл балдырлар 10% жалпы биомассаны құруға қатысты. Жалпы орташа саны 0,28 мың дана/м<sup>3</sup>, ал биомассасы 0,028 мг/м<sup>3</sup>, су сынамасындағы түрлер саны – 15. Сапроб индексі 1,77, яғни, 3 класс, орташа ластанған су сапасын көрсетті.



Перифитонда диатомды, жасыл, көк-жасыл және эвгленалы балдырлар кездесті. Диатомды балдырдан *Rhopalodia gibba*, *Synedra acus*. Жасыл балдырлардан: *Ankistrodesmus falcatus*, *Scenedesmus brasiliensis* және *Sc.acuminatum*, ал көк-жасыл балдырлардан -*Coelosphaerium kützingianum* басым кездесті. Сапроб индексі 1,83. Су класы – үшінші, яғни орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зообентос жәндік дернәсілдерінен (Hemiptera)-*Corixa* sp. ( $\alpha$ - $\beta$ -1,85), шаянтәрізділерден (Crustacea)-*Gammarus pulex* ( $\chi$ - $\beta$ -0,65) және ұлулардан – *Sphaerium corneum* ( $\beta$ - $\alpha$ -2,4) құралды. Вудивиссу бойынша биотикалық индекс – 5 көрсетті. Су класы – 3, зерттелген аймақ орташа ластанған су сапасын көрсетті.

### **Есей көлі**

Зоопланктон қалыпты дамыды. Ескекаяқты шаяндар 75% кездесіп, зоопланктон санын құрады. Ал талшықмұртты шаяндар 25%-ға кездесті. Жалпы саны 1,13 мың дана/м<sup>3</sup>, биомассасы 11,5 мг/м<sup>3</sup>. Бета-мезасапробты организмдер басым болды. Сапроб индексі 1,75. Су сапасы орташа ластанған.

Фитопланктон жақсы дамыды. Диатомды балдырлар басым болып, жалпы биомассаның 54% құрады. Сынамада кездескен түр саны -16. Жалпы саны 0,28 мың дана/м<sup>3</sup>, ал биомассасы 0,03 мг/м<sup>3</sup>. Орташа сапроб индексі 1,91, яғни, 3 класс, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Перифитон құрамы диатомды балдырлардың *Epithemia sorex*, *Navicula rhynchoccephala*, *Surirella spiralis* түрлерінен құралды. Басқа топ балдырларының кездесу жиілігі 1-2 құрады. Орташа сапроб индексі 1,88, яғни, 3 класс орташа ластанған су сапасы.

Есей көлінің бентос құрамы бауыраяқты ұлулардың (Gastropoda) *Lymnaeidae* және *Planorbidae* тұқымдастарынан құралды. *Lymnaeidae* ішінен: *Lymnaea auricularia*, *L. ovata*, *L. palustris*, *L. Truncatula* түрлері басымдылық танытты. Ал *Planorbidae* ішінен: *Pl. complanata*, *Pl. spirorbis*, *Planorbis vortex* басым кездесті. Сонымен қатар су сынамасында шаянтәрізділерден (Crustacea): *Gammarus pulex* ( $\chi$ - $\beta$ -0,65) және *Limnomystis benedini* ( $\alpha$ -1,3) кездесті. Осы кездескен түр-индикаторлары  $\beta$ -мезосапробты аймақты қамтыды. Биотикалық индексі 5-ті құрады.

### **Сұлтанкелді көлі**

Есептегі айда зоопланктон бірлестігі қалыпты дамыған. Су сынамаында тек шаяндар ғана кездесті. Ескекаяқтылар басымдылық танытып, жалпы зоопланктон санының - 75% құрады. Талшықмұрттылар үлесіне 25% тиді. Сынамадағы орташа түр саны – 2. Зоопланктон саны 0,75 мың дана/м<sup>3</sup>, биомассасы 9,0 мг/м<sup>3</sup>. Сапроб индексі 1,63 - 1,85 аралығында болып, орташа сапроб индексі 1,74 көрсетті. Жалпы көл бойынша су сапасы орташа ластанған , 3 класты көрсетті.

Фитопланктон жақсы дамыған. Саны мен биомасса жағынан диатомды балдырлар басым түсті. Орташа жалпы саны 1,02 мың дана/м<sup>3</sup>, ал биомассасы 0,077 мг/м<sup>3</sup>. Сынамадаға түрлер саны – 21. Сапроб индексі 1,88. Фитопланктон жағдайына байланысты су сапасы орташа ластанған.

Альгоценоз негізін диатомды, жасыл және көк-жасыл балдырлар құрады. Диатомды балдырлардан *Epithemia sorex*, *Navicula cryptocephala*, *Rhopalodia gibba*

түрлері, ал жасыл балдырлардан: *Pediastrum* және *Scenedesmus* туыстары кездесті. Сапроб индексі 1,77, яғни, 3 класс, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зообентос ұлулардан (*Bivalvia* және *Gastropoda*), сүліктерден, шаянтәрізділерден, сонымен қатар жәндік дернәсілдері отрядтарынан *Diptera* және *Hemiptera* құралды. Биотикалық индекс бойынша зерттелген аймақта орташа ластанған су сапасын көрсетті.

### **Қоқай көлі**

Зоопланктон бірлестігі қалыпты дамыды. Су сынамасында зоопланктон саны бойынша талшықмұртты шаяндар 16 % кездесті. Ескекаяқты шаяндар үлесіне 84% тиді. Бұл кезеңде орташа саны 2,5 мың дана/м<sup>3</sup>, биомассасы 44,88 мг/м<sup>3</sup>. Сапроб индексі 1,48-1,65 аралығында болып, су сапасы үшінші класқа сәйкес болды.

Фитопланктон жақсы дамыған. Диатомды балдырлар басым болып, жалпы биомассаның 45% құрады. Жалпы орташа саны 0,22 мың кл/см<sup>3</sup>, жалпы биомассасы 0,03 мг/дм<sup>3</sup> тең болды. Сынамадағы түр саны - 15. Сапроб индексі 1,72. Су класы – үшінші, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Перифитон бірлестігі диатомды балдырлардан құралды. Соның ішінде *Cocconeis placentula*, *Neidium productum* түрлері кездесті. Басқа топ балдырларының кездесу жиілігі 1-2. Сапроб индексі 1,70. Су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зообентос екі таксономиялық топтан: жәндіктер класынан (*Insecta*) және бауыраяқты ұлулардан (*Gastropoda*) құралды. Жәндіктер дернәсілдерінен (*Insecta*) *Coleoptera* (*Hydroporus* sp.-β-1,5) және *Hemiptera* (*Corixa* sp.- α-β-1,85 мен *Naucoris cimicoides*) отрядтары басымдылық танытты. Бауыраяқты ұлулардан (*Gastropoda*) су сынамасында: *Anisus vortex* (α-β-1,4), *Lymnaea stagnalis* (β-1,85) и *Radix (L.) ovata* (α-β-2,05) кездесті. Зообентос көрсеткіші бойынша орташа ластанған су сапасын көрсетті.

### **Теңіз көлі**

Зоопланктон бірлестігі нашар дамыды. Су сынамасында *Haracticoida* өкілі ғана кездесті. Оның сапроб индексі анықталынбаған.

Фитопланктон нашар дамыған. Су сынамасындағы түр саны – 5. Саны және биомасса жағынан диатомды балдырлар басымдылық танытты. Жалпы орташа саны 0,06 мың кл/см<sup>3</sup>, жалпы биомассасы 0,01 мг/дм<sup>3</sup> тең болды. Сапроб индексі 1,78. Су класы – үшінші, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Перифитон бірлестігі нашар дамып, диатомды, жасыл,көк-жасыл және эвгленалы балдырлардан құралды. Организмдердің негізі β-мезосапробты. Сапроб индексі 1,89. Су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зообентос өрмекшілер класынан (*Hemiptera*) –*Corixa* sp. (α-β-1,85) құралды. Биотикалық индекс – 5. Су класы үшінші.

### **Балқаш көлі**

Зоопланктон зерттелген аймақта тұрақты дамыды. Ескеаяқты шаяндар басымдылық танытып, жалпы планктон санының 92100% құрады. Орташа саны 12,06 мың дана/м<sup>3</sup>, биомассасы 162,58 мг/м<sup>3</sup>. Сапроб индексі 1,55 – 1,81 аралығында болып, өзен бойынша орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Фитопланктон нашар дамыды. Жалпы саны  $0,05$  мың кл/см<sup>3</sup>, жалпы биомассасы  $0,006$  мг/дм<sup>3</sup> тең болды. Сынамадағы түр саны - 4. Сапроб индексі  $1,60$  –  $1,88$  аралығында болып, орташа сан  $1,68$  құрады. Фитопланктон жағдайына байланысты су сапасы орташа ластанған.

Биотестілеу нәтижелеріне сәйкес, тест-көрсеткіш бақылауға қатынасы бойынша: Балқаш қаласы, А  $175^\circ$  ОГП-ның солтүстік жағалауынан  $8,0$  км –  $3\%$ , Балқаш қаласы, А  $175^\circ$  ОГП-ның солтүстік жағалауынан  $38,5$  км -  $3\%$ , бұқта Бертыс, А  $210^\circ$  Зеленый аралынан  $6,5$  км –  $3\%$  құрады. Қалған бақылау нүктелерінде тест-нысанның  $100\%$  тірі қалғанын көрсетті. Алынған мәліметтерге сәйкес су тест-нысанға уытты әсер етпейді.

### **8.8 Қарағанды облысының радиациялық гамма-фоны**


Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 9 метеорологиялық стансада (Балқаш, Жезқазған, Қарағанды, Керней, Родниковский ауылы, Қарқаралы, Сары-шаған, Жаңаарқа, Киевка) және Қарағанды қаласының (№6 ЛББ) мен Теміртау қаласының (№2 ЛББ) 2 автоматты бекеттерінде бақылау жүргізілді (8.6-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні  $0,05$  -  $0,42$  мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні  $0,17$  мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

### **8.9 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы**

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 3 метеорологиялық станцияда (Балқаш, Жезқазған, Қарағанды) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (8.6-сур.). Барлық станцияда бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы  $1,2$  –  $1,9$  Бк/м<sup>2</sup> аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы  $1,5$  Бк/м<sup>2</sup>, бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



8.6-сурет. Қарағанды облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

## 9 Қостанай облысының қоршаған орта жай-күйі


### 9.1 Қостанай қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (9.1-сур., 9.1-кесте).

9.1-кесте

#### Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекеттің нөмірі	Іріктеу мерзімі	Бақылаулардың өткізуі	Бекеттің мекенжайы	Анықталғыш қоспа
1	тәулікте 3 рет	қол күшімен сынама алынатын бекеттер (дискретті әдістер)	Қайырбеков көшесі, 379; тұрғын ауданы	қалқыма бөлшектері, (шаң) күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді
3			Досжанова көш-сі 43, қала орталығы	
2	Әр 20 минут	үздіксіз режимде	Бородина көшесі, 142 үйдің ауданы	қалқыма бөлшектері, РМ-10, көміртек оксиді, диоксид және оксид азоты, күкірт диоксиді, гамма-фонның эквиваленттік қуаттылығының дозасы
4			Маяковского-Волынова көшесі	



9.1-сурет. Қостанай қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық желісінің бақылау деректері бойынша (сурет 9.1), қалада атмосфералық ауаның ластану деңгейі **көтеріңкі деңгейде** болып бағаланды, ол СИ тең 4 (көтеріңкі деңгей) мәнімен және ЕЖҚ=3% (көтеріңкі деңгей) азот диоксиді бойынша №4 бекет аумағында (Маяковского-Волынова көшесі) анықталды (сурет 1, 2).

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары: азот диоксиді - 1,1 ШЖШ<sub>0.т.</sub> басқа ластаушы заттардың орташа айлық шоғырлары ШЖШ<sub>0.т.</sub>-дан аспады.

Ласташы заттардың максималды бір-реттік шоғырлары: РМ-2,5 қалқыма бөлшектері – 2,1 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 1,1 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, көміртегі оксиді – 1,1 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, азот диоксиді – 1,3 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, азот оксиді – 4,0 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Ауаның жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалмады.

## 9.2 Рудный қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (9.2-сур., 9.2-кесте).


9.2-кесте

### Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекеттің нөмірі	Іріктеу мерзімі	Бақылаулардың өткізуі	Бекеттің мекенжайы	Анықталғыш қоспа
5	Әр 20 минут	үздіксіз режимде	Молодой Гвардии көшесі	РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді көміртек оксиді,



6			Мешіттің қасында	диоксид және оксид азоты, гамма-фонның эквиваленттік қуаттылығының дозасы
---	--	--	------------------	---



9.2-сурет. Рудный қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (сурет 9.2), қалада атмосфералық ауаның ластану деңгейі *көтеріңкі деңгейде* болып бағаланды, ол СИ тең 2,4 (көтеріңкі деңгей) мәнімен азот оксиді бойынша және ЕЖҚ = 3% (көтеріңкі деңгей) азот диоксиді бойынша № 6 бекет аумағында (Мешіт қасында) анықталды (сурет 1, 2).

Ластаушы заттардың орташа айлық шоғырлары: азот диоксиді - 1,1 ШЖШ<sub>0.т.</sub> басқа ластаушы заттардың орташа айлық шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Ластаушы заттардың максималды бір-реттік шоғырлары: азот диоксиді - 2,1 ШЖШ<sub>м.б.</sub> азот оксиді – 2,4 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Ауаның жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалмады.

### 9.3 Қарабалық кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (9.3-сур., 9.3-кесте).

9.3-кесте

#### Бақылаулар бекеттерінің орналасқан орны және анықталғыш қоспалар

Бекеттің нөмірі	Іріктеу мерзімі	Бақылаулардың өткізуі	Бекеттің мекенжайы	Анықталғыш қоспа
-----------------	-----------------	-----------------------	--------------------	------------------

13	Әр 20 минут	үздіксіз режимде	Гагарин көшесі, 40 «А»	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, аммиак, азот оксиді және диоксиді, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, күкіртті сутек, озон
----	-------------	------------------	------------------------	--



9.3-сурет. Қарабалық кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (сурет 9.3), қалада атмосфералық ауаның жалпы ластану деңгейі **көтеріңкі деңгейде** болып бағаланды, ол ЕЖҚ тең 1% (көтеріңкі деңгей) және СИ = 1,1 (төмен деңгей) күкіртсутек бойынша анықталды (сурет 1, 2).

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Ластаушы заттардың максималды бір реттік шоғырлары: күкіртсутек – 1,1 ШЖШ<sub>м.б.</sub> басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Ауаның жоғары ластануы (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластануы (ЭЖЛ) байқалмады.

#### 9.4 Қостанай облысының аймағында жер үсті суларының сапасы

Қостанай облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасын бақылау 11 су объектісінде Тобыл, Әйет, Тоғызак, Уй, Обаған, Желқуар, Қараторғай өз., Аманкелді, Қаратамар, Жоғарғы Тобыл, Шортанды су қоймаларында өткізілді.

Тобыл өзені өз басын Көкпекті және Бозбие өзендерінің бірігу орнынан Оңтүстік Орал таулары арасында, Қостанай облысындағы далада және кең далаларда ағып жатыр. Қазіргі уақытта Тобыл су айдыны су қоймаларының каскадының көмегімен реттеледі. Желқуар (Жітіқара қ), Верхнетобольское (Лисаковск қ), Қаратамар, Сергеевское (Рудный қ) және Амангелді (Қостанай қ) с

уқоймалары құрылды. Бұдан әрі, Ресей Федерациясының Қорған, Түмен облысы арқылы Тавды, Тура, Исети, Обаған, Үй, Әйет, Тоғызақ өзендерінің суларын сіңіріп, ежелгі орыс Тобольск қаласының аймағында Ертіс өзеніне ағылады.

Бірыңғай классификация бойынша судың сапасы келесідей бағаланады:

#### **Тобыл өзені:**

-Аққарға а.тұстамасы, ауылдан ОШ қарай 1 км г/б тұстамасы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): 891,8 мг/л, магний – 1070,1 мг/л, минерализация – 17121,9 мг/л сульфаттар – 2151,7 мг/л, хлоридтер -8767,0 мг/л, ОХТ -56,8 мг/л, аммоний-ион – 2,67 мг/л, қалқыған заттар -94,3 мг/л. Кальций, магний, минерализация, хлоридтер, сульфаттар, ОХТ, аммоний-ион және қалқыған заттар нақты концентрациясы фондық кластан асады.

-Гришенка а. тұстамасы, ауылдан 0,2 км төмен г/б тұстамасы: судың сапасы нормаланбайды (>5 класс): хлоридтер - 486,2 мг/л, ОХТ – 49,4 мг/л, жалпы темір – 2,62 мг/л.. Хлоридтер, ОХТ және жалпы темір нақты концентрациясы фондық кластан асады.

-Қостанай қ. тұстамасы, қала суарна Басқармасы 1 км жоғары: су 5 класқа жатады: никель - 0,130 мг/л. Никель нақты концентрациясы фондық кластан асады.

